

12007


8863 к

Т.Л

Тұлға
Личность

Аққали АХМЕТ

Қаратай хан



Кр. Семинский
Академии наук
и Императорской
Учреждения


1201. Ученый
1202. Ученый

1203. Ученый
1204. Ученый

Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының
мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры



“Арыс” қоры сан ғасырлық тарих көшінде аты аңызға айналып, даңқы бүгінге жеткен халқымыздың ардақты ұл-қыздарын ұлықтау мақсатында “ТҰЛҒА” атты жаңа жобаны жүзеге асырып, кітаптар топтамасын жарыққа шығаруды қолға алды.



Қазақ қоғамындағы тарихи тұлғалар, соның ішінде Қаратай сұлтан – отарлау езгісіне ашық қарсы күрескен, қазақ мемлекеттігін сақтауға талпынған қайраткерлердің бірі. Өзінің заманындағы қоғамдық, саяси белсенділігі арқасында халқына, көршілес елдерге кеңінен танымал болды. Қаратай Нұралыұлы туралы осы жинақтан барынша мол мағлұмат ала аласыз.

Х. Досмұхамедұлы атындағы
Атырау мемлекеттік университеті

Аққали АХМЕТ

Қаратай хан

“Арыс” баспасы

Алматы

2007

ББК 63.3 (5 Каз)
А 93

Жауапты редакторы: тарих ғылымдарының докторы,
профессор К.Л. Есмағамбетов

Пікір жазған: тарих ғылымдарының докторы,
профессор Ә.Қ. Мұқтар

АХМЕТ А.

А 93 Қаратай хан. – Алматы: “Арыс” баспасы, 2007. – 176 бет
+ 8 бет суретті жапсырма.

ISBN 9965-17-371-0

XVII–XIX ғасырлардағы аты белгілі тарихи тұлғалар қатарында халқына қалтқысыз қызмет еткен, патшалық Ресейдің отарлау саясатына ашық қарсы шығып, қолына қару алып күрескен, қазақ мемлекеттігін сақтауға тырысқан соңғы хандардың бірі – Қаратай хан Нұралы хан ұлы (1771–1826). Сондай-ақ кітапта Қазақстанның батыс аймағында соңғы үш ғасыр бойы толассыз өрбіген ұлт-азаттық қозғалыстың сабақтастығы тың мұрағаттық деректермен толықтырылып, жаңа қырынан сөз болады.

Зерттеу еңбек студенттер мен жоғары сынып оқушыларына, сонымен бірге ел, жер тарихына бей-жай қарамайтын қалың оқырман қауымға арналған.

А $\frac{0503020905}{00(05)-07}$

ББК 63.3 (5 Каз)

ISBN 9965-17-371-0

© Ахмет А., 2007
© “Арыс”, 2007



Алғы сөз

Отандық тарих ғылымында тарихи тұлғалардың шығармашылық ғұмырнамасы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу соңғы жылдары батыл қолға алынды. Кеңестік дәуірде Кенесары сұлтан, Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар белгілі дәрежеде өзіндік бағасын алса, бүгін де олардың қатарына Арынғазы, Қаратай сұлтандар, Исатай, Махамбет, Есет батырлар, ғалым-этнограф Мұхаммед Салық Бабажановтың өмірі мен қоғамдық қызметтерінің тарихы соны деректермен зерделенуде.

Тарихи тұлғалар тағдырын зерттеу, оны бүгінгі көзқарас тұрғысынан пайымдау оңай шаруа емес. Өйткені олардың қоғамдық-саяси қызметін саралау алдымен тікелей мұрағат құжаттарының іздестіріліп табылуына және сол тарихи дерек арқылы олардың қоғамдағы орнының объективті бағалануына байланысты.

1771–1826 жылдары өмір сүрген Қазақстанның батыс өңірі тарихында ерекше орны бар Қаратай Нұралыұлы да сол дәуірде қайраткерлік іс-әрекетімен, ел басқарудағы қабілетімен, Ресейдің Қазақстанды отарлауына қарсы батыл күресімен көзге түскен азамат. Ол өмір сүріп, ізін қалдырған XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихы халқымыздың жүріп өткен жолындағы ақтаңдақ беттердің бірі екендігі даусыз. Өйткені ұзақ жылдар бойы Қазақстанның Ресей құрамына енуі “өз еркімен қосылды” тәріздес жасанды теориямен дәріптеліп, қазақ тарихының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелері біржақты зерттелді.

Соның әсерінен отарлау заманында ешқашан үзілмеген ұлт-азаттық күрестер тарихы, ел басқарған қазақ азаматтарының тарихи бейнесі, халқымыздың көршілес елдермен қарым-қатынасы тек орыс халқының мүддесі тұрғысынан баяндалды.

Қаратай Нұралыұлының қоғамдық-саяси қызметін ХІХ ғасырда орыс ғалымдары Л. Мейер, А.И. Добросмыслов, П. Юдин, кеңестік заманда А.Ф. Рязанов арнайы зерттеп қарастырғанмен, бұл еңбектерде Қ. Нұралыұлының тарихи бейнесі толық ашылды деп айтуға болмайды. Өйткені зерттеушілер еңбектерінде Қаратай жөнінде “бүлікші”, “қылмыскер”, “хандық таққа таласушы күрескер” ретінде түйінделген ой-пікірлер, кешегі кеңестік тарих ғылымында Ресей патшасы саясатын қолдаушы деңгейінде ғана көрсетілген.

Міне, мұның барлығын қайта саралаған тарихшы А.Қ. Ахмет Алматы, Орынбор, Астрахан мұрағат қорларынан табылған жаңа құжаттар арқылы Қаратай сұлтанның тарихи бейнесін алғаш рет толық қамтыған. Зерттеу жұмысында Қаратай Нұралыұлының қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы, оған аталары Әбілқайыр хан, әкесі Нұралы хан, немере ағалары Айшуақ хан, Есім хан, Бөкей хан ықпалдары, сонымен бірге 1783—1799 жылдар аралығындағы Қазақстанның батыс бөлігін түгел қамтыған Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс әсері, қазақтардың Еділ-Жайық аралығы үшін күресі өзара байланыста, сыни тұрғыда байыпталады.

Қаратай Нұралыұлының ХІХ ғасыр басынан басталатын ұлт-азаттық күресі Сырым бастаған қозғалыстың заңды жалғасы дейміз. Өйткені Сырымға ерген Кіші жүз рулары кейін Қаратай сұлтан жанынан табылды. Мақсат біреу, ол — қазақ мемлекеттігін сақтау, елдің, жердің тұтастығын бұзбау еді. Оның жолында кезінде Сырыммен бірге болған би-батырлар Беріш Саржала, Шеркеш Құлмамбет, Алаша Сопыра, Есенқұл Шойтас, көп ұзамай саяси аренаға шыққан Көтібар, Арыстан, Сүйінқара батырлар Қаратайға ашық қолдау көрсеткен. Зерттеуші пікірінше сұлтан орыс-қазақ қатынасының шиеленісі кезеңінде 3-4 мыңға дейін қазақ жігіттерін жинай алған.


Сонымен бірге Қаратай орыс империясына қарсы басталған сұлтандар қозғалысын ұйымдастырушылардың алғашқы легінде болды. Кезінде Е.Пугачев көтерілісіне қатысқан әкелі-балалы Досалы, Сейдалы сұлтандар (Әбілқайыр ханның інісі Бұлқайырдан туғандар), Сырыммен бірлескен Жантөре сұлтан (Айшуақ хан ұрпағы, кейін Кіші жүз ханы) аз уақыт болса да өз қарамағындағы қазақ руларымен күш біріктіріп, қазақ даласын кезіп жүрген жазалаушы орыс әскерімен соғысты. Қаратай бастаған қозғалыс он жылдан астам уақытты (1806–1816 ж.) қамтып, күрестің территориялық ауқымдылығымен, қолдаушылардың көптігімен көзге түскен. Олай болса кейін көтерілген Арынғазы, Қайыпқали, Саржан, Кенесары сұлтандар Қаратайдың ізбасарлары болғандығы тарихи шындық.

Жалпы Қаратай сұлтан заманында Ресей Кіші жүзді бөлшектеп басқару жүйесін енгізіп, хандықты күштеп жойып, беделді сұлтандарды өз саясатына ашық тарта бастады. Соның дәлелі – орыс патшасының бекітуімен Қаратайдың Кіші жүздің батыс бөлігін билеуші сұлтан болғандығы. 1824–1826 жылдар аралығындағы орыс деректерінің барлығы дерлік Қаратайды Ресей саясатын ашық қолдаушы етіп көрсеткен. Міне, бұл мәселе де осы еңбекте алғаш рет қайта зерделеніп, қорытылған.

Жұмыста сұлтанның тек ата-бабасы ғана емес, сонымен бірге оның бауырларына, замандастарына, ұрпақтарына, олардың өзара қарым-қатынасына да терең шолу жасалып, яғни сұлтан өмір сүрген кезең зерттеуші назарынан тыс қалмаған.

Қорыта келгенде, А.Ахметтің бұл зерттеу еңбегі тарихтың “ақтандақ” беттерін ашуға қосқан сүбелі үлес деп білеміз.

*Әбілсейіт МҰҚТАР,
тарих ғылымдарының докторы*





КІРІСПЕ

Қазақ халқының этникалық тұтастығы, жері мен елінің бірлігі, дербес өмір сүруі үшін сан ғасырлар бойы табандылықпен жүргізген күресінің тарихи тәжірибесі мен тағылымын жан-жақты зерделеу отандық тарихнаманың аса маңызды ғылыми бағыттарының қатарына жатады. Азаттық қозғалысы барысында халқымызды ұлттық мемлекеттік идеясы төңірегінде топтастыру формалары мен әдістері, осы жолда ұланғайыр қызмет атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы мағлұматтарды ғылыми тұрғыдан жүйелеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу егеменді еліміздің ішкі, сыртқы саясатына толықтай сай келеді.

Еуразия көшпенділерінің өткен жолын таптық күрестің тар аясына апарып тықпалау, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын сынаржақты зерделеу, оны Ресей империясының геосаяси мүддесі тұрғысынан ғана пайымдаушылық төл тарихымыздың жеке проблемалары ғана емес, кейбір тұтас кезеңдерінің де бұрмалаушылыққа ұшырап, ертегіге ұқсас елестердің қалыптасуына жол ашты.

Мұндай тарихи әділетсіздікті түзетуге қазақ халқының еркіндікке қолы жеткеннен кейін ғана мүмкіндік туды. Халқымыздың шынайы тарихын қалпына келтіру Қазақстан жұртшылығына тарихи сананы қалыптастырудың мемлекеттік концепциясында маңызды мәселе ретінде қойылды. “Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы” атты Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияда да: “Үшінші мыңжылдыққа аяқ басарда бізге откен-кеткенімізді қайтадан сараптамасқа жағдай жоқ. Өйткені, тарихи жадымызды қалпына келтіріп, тағдырымызды қайта таразылау тәуелсіздігіміздің де мән-маңызын тереңірек ұғындыра түседі”, – деп көрсетілді [1].

Бұрынғы тарихнамада “феодалдық-монархиялық қозғалыстар” қатарына жатқызылып, мансұқталып келген Қаратай сұлтанның отарлық езгіге қарсы қозғалысының тарихын жаңа методологиялық тұрғыдан зерттеудің ғылыми маңыздылығы мен өзектілігін айқындай түседі.

Қаратай Нұралыұлының іс-әрекеті отарлық әкімшіліктің Қазақстанда хандық институтты біржолата жоюға бағыт ұстаған кезеңінде өтті. Ал, Қаратай сұлтан, Арынғазы Әбілғазыұлы, Кенесары секілді тұлғалар патшалық Ресейдің әртүрлі бағыттағы отарлық, озбырлық шарасына қарсы тұрды. Мемлекеттілігі жоқ халықтың қандай қасіретке ұшырайтынын олар көрегенділікпен болжай білді. Олардың “хандық институтты қалпына келтіруге тырысуы”, кеңестік тарихнамада айтылғандай, керіартпалық емес, өз халқы үшін прогресшіл сипаттағы қозғалыс еді.

Зерттеудің ғылыми ерекшеліктері жұмыстың қазақ халқының тарихи бірлігі мен ұлт-азаттық қозғалысының тұтастығын ұлықтауға, тарихи жадымыз бен әділеттілікті қалпына келтіруге, қошпенділерді тарихтың дербес күші және субъектісі ретінде қарастыруға, тәуелсіздік үшін күресіміздің тарихи тамырларының тереңдігі жөніндегі ұстанымдарымен айқындалады. Жұмыстың бұл бағыт-бағдары бүгінгі таңдағы уақыт талаптарымен, әсіресе құлдық психологиядан арылу міндеттерімен, болашаққа жол сілтер тарих ғылымының танымдық және тағылымдық функцияларынан туындайтын мәселелермен тығыз байланысты.

Түйіндеп айтар болсақ, Қаратай Нұралыұлының қоғамдық-саяси қызметін ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі ретінде жан-жақты зерттеп, жаңа құндылықтар тұрғысынан пайымдау қазақ халқының рухани оянуына, мемлекетіміздің іргесін бекітіп, егемендігіміздің баянды болуына қызмет ететіндігіне күмән жоқ. Жеке тұлғалар тарихы ешқашан халқынан бөлінген емес, керісінше, ұлтымыздың әйгілі қайраткерлерін тану арқылы тұтастай еліміздің тарихы жазылады. Түптеп келгенде, өмірдің мәні де, сәні де ұрпақтар сабақтастығында, өзара байланыста жатыр. Бұл арада Нұрсұлтан Әбішұлының “ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп

берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда”, – деп жазуы [2] өте орынды.

Қорыта айтқанда, XVII–XIX ғасырлардағы белгілі тарихи тұлғалар қатарында өз кезегінде халқына қалтқысыз қызмет еткен, отарлауға қарсы ашық күрескен, қазақ мемлекетігін сақтауға талпынған Қаратай сұлтан да бар. Қазақ қоғамындағы тарихи тұлғалар, соның ішінде XVIII–XIX ғасырлардағы хандар, сұлтандар, би, батырлар тарихы, олардың қоғамдағы орны түрлі басылымдарда көрініс тауып отырды.

Қаратай сұлтан тек қана Әбілқайыр хан немересі болғандықтан ғана емес, ең бастысы, өзінің заманындағы қоғамдық-саяси белсенділігі нәтижесінде коршілес елдерге, халқына танымал болды. Сондықтан да оның тарихының XIX ғасырдан бастауалуы заңдыда. Жалпы Қаратай Нұралыұлының қоғамдық-саяси қызметінің зерттелу деңгейін, біздіңше, үш кезеңге бөліп қарастырған дұрыс. Алдымен, Қазан төңкерісіне дейінгі тарихнама. Оның бастауы орыс зерттеушілері А.И. Левшин [3], Л. Мейер [4], И.И. Крафт [5], П. Юдин [6], С.Н. Севастьянов [7], А.И. Добросмыслов [8] есімдерімен байланысты. Олардың еңбектерінің барлығы дерлік орыс әкімшілігінің тапсырмасымен жазылған. Сол себепті еңбектерде қазақтың атақты қайраткерлері біржақты, сыңаржақ бағаланды деуімізге әбден болады.

А.И. Левшин Қаратай сұлтанды 1797 жылғы Есім хан өлтірілуінен кейінгі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты атап өтіп, оның хандық таққа ұсынылуы жөнінде, бірақ “сұлтанның патша үкіметіне адалдығы күмәнді болды” деген пікірмен шектеледі. Зерттеуші XVIII ғасыр аяғы мен XIX ғасыр басындағы Кіші жүздегі шиеленіс себебін Әбілқайыр ханның ұлдары Нұралы мен Айшуақ ұрпақтары арасындағы талас-тартыстан іздейді.

Л. Мейер өз еңбегінде Қаратай сұлтан жөніндегі материалдарды кеңірек пайдаланып, соның нәтижесінде сұлтанның өмір жолын 1826 жылға дейін шолып өтті. Бірақ сұлтанның күресін хандық таққа талас деп қорытып, үнемі Қаратайды патша үкіметі бекіткен Айшуақ, Жантөре, Шерғазы хандарға қарсы тұлға ретінде қарастырды, ал

сұлтанды қолдаған қазақ рулары “тонаушылар”, “жабайылар” деп аталды. Ол А.И. Левшиннен де асып түсіп, Нұралы хан ұлдарын, соның ішінде Бөкей мен Қаратайды бір-біріне қарсы қойды. Әскери штаб офицері Л. Мейер сұлтанды жазалауға шыққан орыс әскерлерінің қазақ даласындағы іс-әрекеттерін, тонаушылық пен зорлық-зомбылықтарын ақтауға, патша саясатын заңды процесс ретінде түсіндіруге тырысты.

И.И. Крафт “Далалық облыстар қырғыздары туралы заңдар жинағы” деген еңбегінде алғашқылардың бірі болып, Қаратайға орынды бағасын берді. Зерттеуші сұлтанды “қабілетті, ақылды, билікқұмар” адам ретінде сипаттай отырып, қатаң тәртіп орнатуымен бүкіл Кіші жүзге билігі жүргендігін алға тартады. Есім хан өлтірілген соң дәстүр бойынша хандық Қаратайға көшуі тиіс еді, бірақ сұлтан ағасы Айшуаққа жол берді – деп түйіндейді. Дерек ретінде хорунжий С.К. Нұрмұхамедовтан жеткен хабарларды айта аламыз.

Қаратай сұлтан жөніндегі мол мәліметті П. Юдиннен де кездестіреміз. Оның “Тургайские областные ведомости”, “Тургайская газета” беттерінде жарық көрген бірнеше мақалалары ХІХ ғасырдағы Қаратай жөніндегі мағлұматтарды жаңа материалдармен толықтырды. П. Юдин патша саясаты жөнінде қалыптасқан ресми көзқарасқа өзгеріс енгізбегенімен, сұлтанның Ресейге қарсы жүргізген әрекеттерін толықтай көрсетуге талпынды. Ол Орынбордағы мұрағат деректерін түгелдей көшіріп, ешбір ғылыми талдаусыз, газетке жариялады. Соның салдарынан Қаратай 1817 жылға дейін “тонаушы”, “басбұзар”, ал 1817 жылдан соң Ресейді қолдаушы ретінде түсіндірілді. Ғалым қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының негізгі себептеріне онша мән бермеді.

Ал С.Н. Севастьянов 1839–1840 жылдардағы Хиуа жорығын жаза отырып, ХІХ ғасырдың І-ширегіндегі Кіші жүздегі қоғамдық-саяси өмірді таразылап, қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауына қарамастан орыстар иелігіне жиі-жиі шабуылдар жасауының себептерін түсінуге ұмтылады. С.Н. Севастьянов мұны “қазақтарды хиуалықтардың

бағыттауынан” деп ұғынды. Бұл тұжырым автордың орыс әскерінің Хиуаны бағындыру жорықтарын, орыс шекарасын қорғау қажеттілігінен туындаған деген қорытынды жасауына негіз болған. Ол Орынбор Шекаралық комиссия торағасы Г.Ф. Генс күнделігінен құнды деректер келтіреді. Онда Қаратай сұлтанды орыс әкімшілігінің қолға түсіру жоспарлары, Г.С. Волконскийдің саясаты жөніндегі мағлұматтар баршылық.

XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуге А.И. Добросмыслов ерекше үлес қосты. Ол осы кезеңдегі Қазақстанның батыс өңіріне қатысты Орынбор мұрағаты материалдарын ғылыми айналысқа қосты. Ол Айшуак, Жантөре, Шерғазы хандардың Қаратаймен қарым-қатынасына баға беріп, Қаратай бастаған қозғалысқа XIX ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ықпалын анықтауға көңіл бөлді. Қаратайды хандық таққа таласушы ретінде бағалап, Жантөре ханның өліміне басты себепкер етті, сұлтанды ағасы Бокейге, немере інісі Шерғазы Айшуақұлына ашық жау ретінде сипаттады. Дегенмен, Жантөре хан өлімін, оған Қаратай сұлтанның қатыстылығын өзгелерден гөрі кеңірек талдады. Отарлық әкімшілік өкілі болғанына қарамастан автор Қаратайдың қазақ рулары арасындағы беделін мойындауға мәжбүр болды. Қорыта келгенде, орыс зерттеушілері бірауыздан Қаратай сұлтанды отарлаушы Ресей өкіметінің геосаяси мүдделері тұрғысынан қазақтар — “жабайы”, “тонаушы”, Қаратай — “қылмыскер”, “барымташы” ретінде сипаттау тән.

Қаратай сұлтанның қоғамдық-саяси қызметін зерттеу Қазан төңкерісінен кейін жалғасты. Бұл кезеңнің большевиктік идеология принциптерінен туындаған тарихи зерттеулердің өз ерекшеліктері болды. 20-жылдары Қаратай сұлтан бастаған күрес тарихын қамтыған А.Ф. Рязановтың Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар жөнінде бірнеше еңбегі жарық көрді [9]. Соның ішіндегі **“Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздік үшін қырық жылдық күресі” (1797–1838 ж.)** атты екі бөлімнен тұратын зерттеуі қазақ тарихнамасына қосылған елеулі үлес болды. Оның бірінші бөлімі

“Қаратай Нұралыұлы котерілісі” деп аталып, хронологиялық шеңбері 1797–1826 ж. анықталды. Автор Қаратай сұлтанның саяси аренаға шығу себебін Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалыспен байланыстырады. Бірақ оның қоғамдық-саяси көзқарасына Сырым қозғалысының әсерін мойындағанымен, екі оқиға арасындағы ішкі қарым-қатынасқа бойлай алмады. Біздіңше, оның негізгі себебі, А.Ф. Рязановтың Сырымды хандық құрылысқа қарсы болды деп түсінуінен. Бұл тұста А.Ф. Рязанов та орыс зерттеушілерінің қателерін қайталады. Бірақ зерттеушінің өзіне дейінгі осы тақырыпқа қалам тартушылардан артықшылығы – Қаратай сұлтан бастаған қозғалыстың отарлауға қарсы болғандығын дәлелдеуге ұмтылуы еді.

А.Ф. Рязанов Орынбор мұрағатындағы деректерді, бұрын-ақ жарияланған еңбектерді мүмкіндігінше пайдаланды. Дегенмен, мұрағат деректерін толықтай көшіргенімен, оған тарихи талдаулар жасалмағанын баса көрсетеміз. Ол турасында М.П. Вяткин, Ә.Қ. Мұқтар сияқты тарихшылар орынды сын айтты [10]. Ғалымның аталмыш еңбегінде фактологиялық қателерге де жол берілді. Мәселен, 16-беттегі 1803 жылғы 23 наурыздағы Қаратай сұлтан хаты 1804 жылы, 23-беттегі 1805 жылғы 30 қаңтардағы Г.С. Волконский хаты 1805 жылы 10 мамырда жазылғандығы, 71-беттегі 1814 жылғы сәуірдегі Котібар батырдың Шерғазы хан ауылын шабуы 1815 жылы наурызда болғандығын Орынбор мұрағатының деректері айғақтайды [11]. Бұл сияқты кемшіліктеріне қарамастан еңбек бүгінгі таңда да ғылыми құндылығын жоя қойған жоқ.

1920–1940 жылдары аралығында Х. Досмұхамедұлының [12], С. Асфендияров [13] пен Б. Қаратаевтың [14] зерттеулері жарық көрді. Х. Досмұхамедұлы Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихын “бірыңғай ағым” теориясы тұрғысынан қарастырып, оның түгелдей отарлық езгіге қарсы бағытталғандығы жөнінде қорытындыға келді. Сонымен қатар ғалым патша өкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатының әдістерін ашып көрсетуге ерекше мән берді. Зерттеуші орыс әкімшілігі қазақтарды жікке бөлу арқылы басқаруға тырысқандығын айта отырып, “Қаратайдан өлген Жантөре

ханның орнына хан сайлағанда Кіші жүз екіге бөлінді, Кіші жүздің өзара бөлініп, екі хан сайлағанын патша өкіметінің тілегіне айтқандай келді”, – деп жазды [15]. Ал С. Асфендияров Қаратай жөнінде тиянақты зерттеу жүргізбегенімен, XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі саяси жағдайды толық зерделеуге ұмтылды. Автордың Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихына арналған пайымдауларында біздің зерттеу нысанымызға қатысты бір жағдай бар. Ол — Сырымның өліміне Қаратай сұлтанды кінәлі ету. Біздіңше, мұндай тұжырым жасауға негіз жоқ, себебі бұл пікірді айғақтайтын ешбір мұрағат құжаттары кездеспейді. Автор отарлық өкімшіліктің Сырым мен Қаратайдың соңына ерген қазақтарды бір-біріне қарсы қою пиғылынан туған қауесетке сын көзбен қарамаған секілді.

Б. Қаратаевтың еңбегі де отарлау тарихын сараптауға арналған, онда ата-бабалары Әбілқайыр, Нұралы хандар, Қаратай сұлтандар шежіресін, оларға қатысты тарихи оқиғаларды талдауға да қомақты орын берілген. Автор Қаратай бастаған көтерілісті, яғни 1805–1818 жылдар аралығын қамтиды және ол Қайыпқали Есімов, Исатай Тайманов, Кенесары сұлтан, Есет Көтібаров, Сыздық сұлтандар бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар қатарына жатады деп есептейді. Зерттеудің құндылығы Қаратай сұлтанның ата-тегі, ол бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты бұрын мәлім емес деректердің ғылыми айналымға енгізілуіне байланысты. Соның ішінде Сырым батыр мен Нұралы ханның, олардың арасындағы қарым-қатынастар, Кіші жүз қазақтары мен Жайық казактары арасындағы талас-тартыстар туралы пікірлері нанымды, ұзақ уақыт бойы еңбектенуінің нәтижесі ретінде көрінеді. Оған ғалымның “Тургайские областные ведомости” газетінің 1894 жылғы 45 нөмірінде жарияланған мақаласы дәлел бола алады. Онда Б. Қаратаев П. Юдиннің Қаратайды “қарақшы” деп бағалауына қарсы орнықты жауап беріп, орыс зерттеушісіне белгісіз, соны мәліметтерді хабарлаған [16].

Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихнамасының ірі өкілдерінің бірі — М.П. Вяткин екені белгілі [17]. Бірақ

ол Қаратай сұлтан қозғалысы туралы өз ой-пікірін ашық білдірмеді. Оның негізгі себебі 40-шы жылдар аралығындағы тарих ғылымындағы қалыптасқан жағдайға тікелей қатысты еді. Ол кезде Е. Бекмахановтың Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысы туралы еңбегі қатаң сынға алынып, XIX ғасырдағы Қаратай, Ғұбайдолла, Саржан, Кенесары бастаған қозғалыстарға “феодалдық-монархиялық” деген айдар тағылған-ды [18].

Отандық тарихнамада осы көзқарас түбірлі өзгеріске ұшырай қоймағанымен, идеологиялық қысым біршама жеңілдеген өткен ғасырдың 60-жылдарында Қаратай сұлтан қозғалысы С.Е. Толыбеков, С.З. Зиманов, А. Сабырханов еңбектерінде [19] шолу түрінде ғана көрініс тапты. Сол жылдары “Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы” деген жасанды концепцияны ұстанған авторлар отаршылдық езгіге қарсы оқиғаларды біржақты зерттеді. Орыс отаршылдығының қазақ қоғамына тигізген “шапағатын” көрсетуге тырысушылық Қаратай сұлтан қозғалысын шындық тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік бермеді.

Тек өткен ғасырдың 90-жылдарынан кейін ғана хан, сұлтандар бастаған қозғалыстарды жаңаша саралап, оның басты мақсаты отарлауға қарсы күрес, сол арқылы қазақ мемлекеттігін сақтау екендігін анықтауға ғалымдар түбегейлі бет бұрды. К. Нұрпейіс [20], К.Л. Есмағамбетов [21], Ж.Қ. Қасымбаев [22], И.В. Ерофеева [23], Ұ.Т. Ахметова [24], Ә.Қ. Мұқтар [25] т.б. ғалымдар қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын тұтас құбылыс ретінде қарастырып, “бірыңғай ағым” теориясы арнасында қарастыру керектігі туралы пікірлер білдірді.

К. Нұрпейіс қазақ қоғамындағы тарихи тұлғаларды зерттеу методологиясын қазақ халқының әр кезеңдердегі отаршылдыққа қарсы күресінің, Алаш қозғалысымен де тарихи сабақтастығын анықтауда елеулі жұмыс атқарды. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының шетелдік тарихнамасы К.Л. Есмағамбетов еңбектерінде қарастырылған. Шетел авторларының методологиялық ұстанымдары мен тұжырымдарын ғылыми айналымға қосу Қаратай сұлтанның қозғалысын да қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің құрамдас

бөлігі ретінде қарастыруға, отарлық тарихнамада “бірыңғай ағым” теориясының орнығуына септігін тигізері хақ.

Ж.Қ. Қасымбаев Қаратай сұлтан тарихын, оның замандастары туралы, XVIII–XIX ғасырлардағы тарихи оқиғаларды жан-жақты зерттеу нысанасына алып жүр. Ғалымның Қаратай сұлтанның әкесі Нұралы хан, немере ағалары Ерәлі, Айшуақ хандар туралы жазған зерттеулері мол мұрағат деректерімен құнды. Біздің зерттеу нысаны етіп алған тақырып жөнінде Е.В. Ерофеева еңбектерінің қатысы бар. Автордың Әбілқайыр ұрпақтарының шежіресін таратып беруі мәселе тарихнамасын толықтыра түседі.

Соңғы жылдары Қаратай сұлтанмен пікірлес, ниеттес болған атақты сұлтандар тарихын зерттеу қолға алынуда. Соның ішінде бір уақытта, яғни XIX ғасырдың I-ширегінде өрбіген Арынғазы сұлтан тарихын саралаған Ұ.Т. Ахметованың кандидаттық еңбегі белгілі. Бірақ автор еңбегінде басты зерттеу нысаны ретінде Арынғазы тағдырын алып, Қаратайды жалпылама атап өткен. Қаратай сұлтан жөнінде бірер мақала жазған Ә.Қ. Мұқтар аталған мәселенің қазақ тарихындағы ақтаңдақ беттер екендігін алға тартады. Оны бұрын жарық көрмеген мұрағат деректерімен зерделеудің қажеттігін атап көрсетеді. Мұның барлығы тарихымыздағы бүгінге дейін арнайы зерттеу объектісіне айналмаған тарихи тұлға Қаратай Нұралыұлының қоғамдық-саяси қызметін жүйелі түрде зерттеу қажеттілігінің ғылыми-танымдық, қоғамдық сураныстан туып отырғанын аңғартады.

Кеңестік тарихнамада қоғамның дамуы өндірістік тәсіл деңгейімен, өндірістік күштер мен өндірістік қатынастар сипатымен түсіндірілді де, тарихи процестегі жеке тұлғалардың рөлі көрсетіле бермеді. Тарихты адамдар жасайтындығы туралы қағида ұмыт болды. Қазіргі уақытта қазақ қоғамындағы тарихи тұлғаларды, олардың қоғамдағы рөлін саралау кең көлемде жолға қойылды. Отандық тарихнамадағы бұл үрдіс тарихты “жандандыруға” (персонификациялауға) бағытталған жаңа методологиялық ізденістердің бір қыры ретінде танылуы тиіс. Тарихи тұлғалар туралы дұрыс түсінік қалыптастыруға бағытталған ауқымды жұмыстың құрамдас бөлігі ретіндегі зерттеудің алдына мына міндеттер қойылды:

- XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың 2-жартысындағы Қазақстанның батыс өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға сипаттама беру;

- Қаратай сұлтан қозғалысының алғышарттары және оның саяси көзқарасы қалыптасуының дерек көздерін анықтау;

- Ресейдің отарлық саясатына қарсы халық бұқарасын көтеру, қозғалыстың сипатын және негізгі кезеңдерін зерделеу;

- Кіші жүздегі қоғамдық-саяси өзгерістер (1813–1825) және оған Қаратай сұлтанның көзқарасы;

- Қаратай Нұралыұлының Кіші жүздің Батыс бөлігінің билеушісі ретіндегі қызметін сараптау;

- Қаратай Нұралыұлының тарихи бейнесін жасау.

Еңбектің басты мақсаты осы және басқа да шағын тақырыптар, сауалдар мен мәселелер негізінде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті жетекшілерінің бірі Қаратай Нұралыұлының кең көлемде қоғамдық-саяси қызметін пайымдау болып табылады.

Зерттеудің теориялық-методологиялық іргетасын тарихи процестерді анықтайтын факторлардың бірнешеулігі туралы теория және оған негізделген плюралистік зерттеу әдісі құрайды. Мұндай көзқарас таптық принципті де жоққа шығармайды, бірақ отарлық жағдайдағы халықтың қоғамдық дамуы мен саяси өмірінде этникалық фактордың басым ықпал жасайтындығын танумен сипатталады. Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері Қаратай сұлтанның дүниеге 1771 жылдан келуінен бастап, 1826 жылғы өліміне дейінгі аралықты, ал географиялық аумағы Қаратай сұлтанның қоғамдық саяси қызметі орын алған Қазақстанның батыс өңірін қамтиды. Бұл кезеңде Қазақстанның батыс өңірінде Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық күрес, Арынғазы қозғалыстары, сонымен бірге Ресей отарлауы барысындағы түрлі реформаларды жүзеге асыру әрекеттері болды. Жұмыста осындай тарихи сабақтастық, үндестік те ескеріледі. Зерттеу жұмысы барысында ең алдымен бізге дейінгі жарияланған мұрағат деректерін пайдаланған материалдар жинақтары толық талдауға түсті: олардың танымдық ауқымы, репрезентативтігі, толықтылығы зерделенді.

Мәселен, 1940 жылы жарық көрген “Материалы по истории Казахской ССР” (1785–1828 гг.) атты құжаттар жинағынан [26] тақырыпқа қажетті мәліметтерді көптеп кездестіреміз. Жинақта Қаратай 27 құжатта аталады. Олар негізінен патша шенеуніктері мен тілмаштардан, сұлтан, би, батырлардан жіберілген хабарламалардан, орыс бекіністеріндегі әскери адамдардан түскен хаттардан, шағымдардан тұрады. Кейбірінде Қаратайдың XIX ғасырдың 1-ширегіндегі қоғамдық-саяси қызметі жөнінде мәліметтер кездеседі.

1961 жылы жарияланған “Қазақ-орыс қатынасында” [27] да Қаратай сұлтанның көзқарасының қалыптасуын, ол дүниеге келген тұстағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайды анықтауға қажетті материалдар мен мәліметтер бар. Қаратайдың ата-бабасы Әбілқайыр, Нұралы хандар, немере ағалары Ерәлі, Айшуақ сұлтандар, туған ағалары Есім, Пірәлі сұлтандар жөнінде құнды деректер берілген. Біз үшін “Қазақ-орыс қатынасы” [28] жинағының 1771–1821 жылдардағы деректер енгізілген бірінші бөлімі ерекше құнды. Одан патша әкімшілігінің Қаратай сұлтан жөніндегі ұстанымы, оған қарсы әрекеттері, Кіші жүздегі шиеленісті жағдай туралы мәліметтер шоғырланған.

Соңғы жылдары Бөкей Ордасының құрылғанына 200 жыл толуына байланысты құрастырылған жинақ [29] жарық көрді. Жинақтағы құжаттарда Қаратай сұлтан есімі Бөкей Ордасындағы белгілі тарихи тұлғалар – Бөкей, Шығай тағы басқалармен бірге аталады. Жинақ Қаратай сұлтан бастаған ұлт-азаттық қозғалысының барысын, оның өзге сұлтандармен қарым-қатынасын, Орынбор, Астрахан губернаторларымен байланыстарын саралауымен құнды. Дегенмен Қаратай сұлтан жөніндегі мол мұрағат қорлары ғылыми айналымға түгел енді деуден аулақпыз. Әсіресе Орынбор қаласындағы Мемлекеттік мұрағатындағы, Орынбор шекаралық істері экспедициясының № 5, Орынбор шекаралық комиссиясының № 222, Орынбор генерал-губернаторы канцеляриясының № 6 қорларындағы Қаратай туралы мәліметтер, хаттар, хабарламалар, орыс үкіметінің шешімдері, губернаторлар О.А. Игельстром, Г.С. Волконскийдің іс-қимылдары т.б. туралы материалдар зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. Қаратай сұлтанның П.К. Эссенге 1820 жылы жазған хаттары

да алғаш жарияланып отыр. Аталған қорлардан Қаратайдың Темір Ерәліұлымен, Арынғазы Әбілғазыұлымен, Шерғазы Айшуақұлымен, Шерғазы Қайыпұлымен қарым-қатынасының қыр-сырларын білеміз.

Зерттеу барысында Астрахандағы Мемлекеттік мұрағатының деректері толық пайдаланылды. Әсіресе Астрахан азаматтық губернаторы канцеляриясының № 1 қорында кездескен Қаратай-Бөкей сұлтандардың арасындағы шиеленісті дәлелдеуге ұмтылған патша шенеуніктерінің баяндамалары көптеп ұшырасты. Олар оның себебін анықтаудан гөрі оны ушықтыруға тырысқан. Сонымен бірге қордан Бөкей хан өлімі тұсындағы Қаратай сұлтанның қайраткерлік деңгейін көрсететін құжаттар бар. Сондай-ақ № 13 Астрахан губерниялық басқармасы қорын да кеңінен пайдаландық.

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатында да (ҚРОММ, Алматы қ.) тақырыбымызға тікелей қатысты құжаттар жинақталған. Одан Орынбор қазақтарын облыстық басқарудың № 4 қоры толық пайдаланылды. Мұнда негізінен Қаратай сұлтанның 1800–1826 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметіне байланысты құжаттар кездеседі. Әсіресе осында сақталған Қаратай сұлтанның хаттарының (көшірмелері) маңыздылығы ерекше.

Қаратай Нұралыұлының қоғамдық-саяси қызметі бүгінге дейін арнайы ғылыми зерттеу нышаны болған жоқ. Бұл тақырып XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихының ақтандақ беттерінің бірі екені даусыз. Сондықтан Қаратай сұлтан патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы болған, қазақ мемлекеттілігін сақтауға бар күш-жігерін жұмсаған тарихи тұлға. Қандай халық та өзінің тарихи тұлғаларын толық білмесе, олардың өмірлік мұраттары мен азаттық үшін күрескен Қаратай сұлтан қозғалысы, Айшуақ, Жантөре, Шерғазы хандар, Арынғазы сұлтан, Сырым, Көтібар, Арыстан батырлармен бірге орбіген тарихтағы орнын анық зерттеп-зерделемесек, біз қазақ тарихындағы ақтандақ беттерді толық біліп болдық деп айта алмаймыз. Мұның өзі қазақ қоғамындағы отарлық езгіге қарсы күрестің тамырлары тереңде жатқандығын және сабақтастығын анық көрсетеді. Тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу арқылы біз өткенімізді түгендейміз.